

**2 секция. ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ
ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ
ТЕОРЕТИКО-ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ
КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

СОТ БИЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

*К.Цомпак, профессор, Вроцлав университеті, Польша Республикасы
Рысжанова Г.С, докторант, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясының басты белестерінің бірі ретінде Қазақстан судьяларының міндеттерінің айқын, бағыттарының белгілі екендігін айтады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы» - деген тұжырым жасаған болатын.

Еліміздегі сот билігі - адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамта- масыз етуде ерекше орын алатын дербес билік тармағы болып табылады. Сот билігіөзіне азаматтардың, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік - құқықтықактілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, осының негізінде туындаған даулар мен істерді қарау кезінде әділқазылығын орнататын институт.

Ұлттық сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың, құқық үстемдігінің, қоғам мен мемлекет мүдделерін мүлтіксіз сақтаудың, қазақстандықтардың құқығы мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналуда тиіс. Қазақстан судьялары қауымдастығының халыққа қызмет етуінің зор маңызы осыған саяды. Бұл ұлттық сот жүйесінің құқық тәртібін қамтамасыз етудегі, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтудағы, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырудағы рөлі мен жауапкершілігін арттыратыны сөзсіз.

Елбасы өзінің халыққа жолдауының бірінде: «Судьялардың міндеті - өздерінің кәсіби біліктіліктерін ұдайы арттырып, сот саласының абыройы мен беделіне нұқсан келтірмей, ар адалдығынан аттамай, сот терелігінің бейнесі мен беделін жақсарту, шын мәніндегі «қара қылды қак жарған би» деген атқа лайық болу керек деген болатын. Сот - құқық кеңістігін жаңғырту еліміздің «Қазақстан-2050» Стратегиясында айқындалған үдемелідамуының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Уақыт өте келе сот төрелігі жүйесінің даму әлеуетін көру, ондағы проблемаларға сын көзбен қарап, дер кезінде шешу маңызды. Қазір биліктің сот тармағының беделін, тәуелсіздігін және тиімділігін арттыру жөніндегі ауқымды жұмыстардың басымдығы бар бағыттары мен нақты тетіктерін анықтау маңызды. Судьялардың алтыншы съезінің басты міндеті осыдан көрініс табады. Қазақстанда жасалған сот реформасы сот төрелігі жүйесін азаматтар талаптары мен мүдделеріне жақындатты, істерді сотта қараудың сапасын айтарлықтай арттырды. Қазақстандықтардың соттарға деген сенімі арта түсті[1].

Елбасымыздың бастамаларымен, ұтымды саясатымен Қазақстанымыздың сот билігі - дербес, тәуелсіз билік тармағы ретінде қалыптасып, дамып айтарлықтай жетістікке жетті. Сот азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді органына, Конституцияда белгіленген құқықтар мен еркіндікті шектейтін кез келген заңсыз шешімдер мен әрекеттерден қорғаудың кепіліне айналды. Республикадағы сот органдарының құрылымдарын жетілдіруге, судьялардың мәртебесін көтеріп, тәуелсіздігінің әлеуметтік кепілдігін күшейтуге, соттардың материалдықтехникалық жабдықтауды жақсартуға бағытталған кешенді заңдылық, ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылады. Азаматтардың сотқа еркін жүгінуін, соттардың ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету үшін соттарды мамандандыру, сот практикасына озық аппараттық технологияларды енгізу бағытында тұрақты жұмыстар жүргізілуін жалғастыру өз кезегінде қажеттін тауып, тиімді қолданылып жатыр.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күнгі басты міндеттерінің бірі - ол әділ сот жүйесінің, сот төрелігінің сапасын осы деңгейден тағы да жақсарту, сот қызметінің ашықтығы мен жариялығына қол жеткізуді ары қарай дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып қалыптастыру және сот жүйесінің халық арасындағы беделін нығайту, сонымен қатар, мәртебесін биік ұстану болып табылады.

Ата Заңымыз бойынша сот жүйесі басқа мемлекеттік органдарда жоқ ерекше құзырет пен өкілеттікке ие. Ал, мемлекет осындай міндет жүктеген соң заң нормаларын дұрыс пайдалана отырып, сот төрелігін сапалы жүзеге асыру - біздің басты міндетіміз деп санаймыз.

Еліміздегі сот саласының білімді және білікті, әділдіктің туын көтеріп жүрген судьялар және мамандардың қызмет барысындағы аса еңбектері де елеусіз қалып жатпайды. Біз меже қылған биік белестер барлық саладағы игіліктерді көздейді. Сондықтан, сот жүйесі дамыған елдердің сот жүйесімен бірдей болуы керек. Қазақстанның сот жүйесі алдыңғы қатарда болуы сот жүйесіне жүктелген міндет.

Жалпы алғанда, барлық сот жүйесіндегі реформалардың мәні болып, сот төрелігінің сапалы, әділетті, ашық және қолжетімді болуы, әр судьяның моральді-этикалық тұрғыдан, біліктілігі тұрғысынан жоғарғы стандарттарға сай келуі болып табылады. Олай болса, еліміздегі сот жүйесінің осы талаптарға сай келуіне қажетті барлық жағдайлар жасалған деп ойлаймын.

Судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін олардың тәртіптік жауапкершілігін қарау жөніндегі өкілеттіктер тек қана сот қазыларына берілді. Бұл судьяларға кез келген түрдегі қысым жасаудың ықтималдығын азайтып, соттардың тәуелсіздігін нығайтты.

Қазақстанда соттан тыс делдалдың көмегімен бігістіру процесі - медиация институты жұмыс жасауда. Бұл екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босату үшін алғышарт жасайды. «Жалпы, қазақстандық фемида біртұтас мемлекеттік биліктің толысқан, жауапты және пәрменді тармағына айналды. Барлық деңгейдегі судьялардың орасан еңбегі осыдан көрініс табады», - деп, Елбасы судьялардың заң алдындағы қызметтеріне, сот мәртебесіне адалдықтарына, елімізде әділдік пен құқық тәртібі салтанат құруы үшін атқарып жүрген күнделікті лайықты еңбектеріне ризашылығын білдірген болатын.

Қазақстандық сот қоғамдастығы уақыттың кез-келген сын-қатерінен биікте болуы тиіс. Ол қазірдің өзінде жаһандық юриспруденцияда болып жатқан және болашақта болатын сот-құқық инновацияларына ашық әрі қабілетті болуы тиіс.

Ұлттық сот жүйесі тек заң сөзі мен рухын басшылыққа алып, кәсібилігін көтеріп, дамып, әрі өзін өзі жетілдіре отырып қана «Қазақстан - 2050» стратегиясын жүзеге асырудың құқықтық базасының орнықтылығын сенімді қамтамасыз ете алады. Ұлттық сот өндірісін дамытудың маңыздыбағыттары 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында толықтай айқындалды. Бүгінгі таңда фемиданың басты басымдықтарына қатысты көзқарастары төмендегідей болып келеді:

Біріншіден, соттар қызметінің заңнамалық және іс жүргізу нормаларын жүйелі түрде жетілдіру маңызды.

Екіншіден, сот құрылымын әрі қарай жетілдіру керек. Осы жерде тиімді әкімшілік әділет жүйесін құру мәселесі қойылып отыр.

Үшіншіден, сот төрелігіне азаматтардың қалың тобы қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды. Соттың іс қарауы хаттамасын толық және сапалы қамтамасыз ететін тетік ретінде сот үдерістерінің электронды тіркелімін жаппай енгізу қажеттігі туындап отыр. Бірінші инстанциядағы барлық соттарды бейне-конференция байланысымен қамтамасыз ету арқылы сот төрелігін қашықтан жүзеге асыруға сотқа жүгінген адамдар өздерінің құқығын қорғауда ешқандай кедергілерге тап болмауы тиіс. Судьялар - барлық мемлекеттік қызметші тәрізді халық қызметшілері ретінде азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды.

Төртіншіден, соттардың мамандануын дамыту. Бүгінгі таңда жаңа бастамалардың, жаңа реформалардың сот жүйесіне өзіндік бір сот жүйесіне жағымды өзгеріс енгізетіні анық.

Бесіншіден, судьяларға түсетін жүктеменің –өсуі мәселесін шешу маңызды.

Сондай-ақ, судьялар қызметі үшін әлеуметтік және материалдық жағдайды жақсарту, бірақ бір мезгілде олардың жұмысының сапасына талапты күшейту жөніндегі жұмыстары жалғасуда. Соттар мен судьялардың табысты қызметтері үшін барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілуін жақсарту қажет. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігері арқылы қоғамда сот билігіне қатысты жағымды және ілтипатты көзқарасқалыптастыру жөніндегі судьяларға VI съезде қойылған талаптар болыптабылады[2].

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесін қайта құрудың жолдарын зерделеу үшін, оның даму жолына, қазіргі жағдайына және осы жүйедегі орын алып отырған талдау жасау қажет.

Қазақстанның сот тармақтарындағы биліктің өзгеруі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толықтығы мен теңдігіне, биліктің заңды және конституциялық бөлінісінің қатаң сақталуына негізделген құқықтық мемлекет құру парадигмасына көшуімен анықталады. Осы мақсаттарға жету үшін сот билігінің тәуелсіздігін, әділеттілігін және объективтілігін қамтамасыз ету, сот-құқық жүйесінің құрылымдарын

қайта құру, сонымен бірге сот корпусын тағайындау мен мамандарды іріктеудің жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында сот билігін өзгертудің кезеңдерін атауға болады.

Бірінші кезеңде - (1991-1995 жж.) объективтік себептерге байланысты кеңестік сот практикасының элементтерін либералды-демократиялық бағыттағы жаңалықтармен үйлестірген Қазақстан Республикасының өтпелі сипаттағы сот билігі жүйесі. Сонымен қатар бұл кезеңдегі сот билігін қайта құру мынандай белгілермен анықталады:

- сот қызметінің жаңа бастамаларға бағыт алуы;
- қоғамдық қатынастардың ағымдық өзгеруі барысында қалыптасатын нормативтік-құқықтық базаға келтіру;
- ұйымдық қайта құру;

1. Бұл жерде соттардың сайлануы, прокурордың тұтқындауға санкция беруі ж.т.б. кеңестік кезеңдегі қабылданған заң актілерінің жүзеге асырылуының сақталуы жайлы сөз етіледі.

2. Соттық жүйеге 1993 жылғы ҚР Негізгі Заңына биліктің дербес тармағы мәселесі бекітіліп, құқықтық қатынастардың субъективтілігінің артып, құқық кеңістігінденарықтық және саяси либералдық мәндегі қалыптық актілерді енгізу.

3. 1992 жылы Конституциялық Сот пен Арбитражды соттардың құрылуы.

- сот органдарын қалыптастырудың сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету міндеттеріне негізделген тәртібін өзгерту;

Бұл кезеңдегі дамудың негізгі үрдісі бұрынғы сот жүйесінің конституционализм ұстанымдарына, құқықтың үстемдігіне, сот-құқық тәртібінің әмбебаптығына, азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандықтарының басымдығына негізделген жаңа мемлекеттік-саяси құрылымның шындықтарына бейімделуі болып табылады. Осыған байланысты сот билігінің өзгерістеріне мынандай факторлар айтарлықтай әсер етті: өкілетті және орындаушы билік тармақтарының үстемдікке ұмтылған күресі, президенттік басқару формасының нығаюы, саяси режимнің либералдануы, нарықтық шаруашылық қатынастардың енуі мен дамуы. Бұл процесстер мынадай көріністерге ие болды:

- Сот билігінің репрезентативтік билікке тәуелділігінің артуы (Кеңестердің соттарды сайлауы арқылы, сайлаушы органның келісімімен соттарға қол сұғушылықты шектеу);
- Сот төрелігінің орындалуына араласпауға, қолсұқпаушылыққа және тәуелсіздікке берілетін кепілдіктің конституциямен бекітілуі;

• Құқықтық мемлекет парадигмасына көшуде сот қызметінің және сот жүргізу формаларының мақсаттарының, міндеттері мен ұстанымдарының сипаттарының өзгеруі; Осы кезеңдегі сот жүйесіндегі ерекшеліктер ондағы үш ұйымдастырушы және функционалды сот билігінің жеке дара бұтақтары – Конституциялық сот, жалпы юрисдикция соттары, (шаруашылық юрисдикциясы бойынша) төрелік соттар болып табылады. 1995 жылғы ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстандық сот құрылымы жүйелерін қайта ұйымдастыру барысында жойылған осындай сот жүйесіндегі «бытыраңқылық» Қазақстанда билікті орталықтандырудағы алауыздықтарға қайшы келді. Осылайша, Сот билігіндегі өзгертулердің бірінші кезеңінің қорытындысы сот төрелігінің толыққандылығымен сипатталатын біртұтас әрі орталықтандырылған сот жүйесін құру болып табылды.

Екінші сатысында (1995-2000 жж.) өзгеру процесстерінің негізгі мазмұны сот органдарының репрезентативтік және атқарушы биліктен тәуелсіздігін нығайтумен қатар, сот билігін президенттік вертикальдің басымдылығымен анықталатын бірыңғай мемлекеттік билік жүйесіне енгізу болды. Осыған байланысты сот билігіндегі ұйымдық құрылымдар, сот корпусарын құру тәртібі (мамандар іріктеуді қосқанда), соттардың қызметтік өкілеттілігінің мерзімі, соттардың тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етуді күшейту, соттардың кәсіби ұйымдастырылуы, азаматтардың еркіндігі мен құқығын сотпен қорғаудың өрісін кеңейту айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Сот жүйесіне елеулі жаңалықтар (2000-2006 жж.) оның дамуының үшінші кезеңінде енгізілді. Аталған кезеңдегі қайта құрудың басты бағыттары сот билігін атқарушы органдардың ықпалынан түпкілікті алып шығу, соттардың мәртебесін арттыру, соттарды мамандандыру болып табылады. Осыларды ескере отырып, осы кезеңдегі өзгеру процесстерінің мазмұны мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сот органдарының рөлі мен мәнінің күшеюімен, сот қызметінің жылдамдығының, тиімділігінің және кәсібилігінің артуымен, экономикалық және әкімшілік қатынас салаларының соттық-құқықтық реттеумен қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Осы процесстердің негізгі әсер етуші факторы ретінде қарама-қайшы және керітарпа әрекеттердің конституциялық жүйені жетілдіруге деген қажеттілігін және сот жүйесінің осы даму кезеңіндегі мемлекеттің саяси-экономикалық басым міндеттеріне сәйкестендірілуін атауға болады.

Бұл кезең билік бөлінісі ұстанымы мен сот жүргізудің халықаралық 1995 жылғы Конституция бойынша барлық жергілікті соттардың соттарын Республика Президенті тағайындайтын болды, тіптен ұзақ мерзімге, Жоғарғы соттың соттарын – Парламент Сенаты сайлады. Кадрларды іріктеу жаңадан құрылған жоғарғы сот кеңесі мен ҚР Әділет министрлігінің мамандандырылған әділет алқасында жүргізілді. Апелляцияға түскен арыздарды қарау үшін және сот істерін жүргізуде процессуалды қалыптарды қадағалау үшін соттардың қабылдаған шешімдерінің объективтілігінің деңгейін көтеру мақсатында сот алқалары құрылды. 1998 жылы қазанда қабылдаған ҚР Негізгі заңындағы өзгертулерде жақын болашақта сотты халық өкілдерінің қатысуымен өткізу туралы айтылған. Бірақ та техникалық ұйымдық, құқықтық-нормативтік қиындықтарға байланысты қажетті тәжірибенің жоқтығынан бұл жаңалық кейінге қалдырылды.

1996 жылы Қазақстан Республикасының судьялар одағы құрылды. (1997 жылдың наурыз айында қоғамдық бірлестік түрінде тіркелді, оның Республикалық съездері өткізіле бастады). 2001 жылғы қаңтарда қабылданған Президенттің жарлығы қабылдануымен ҚР Жоғарғы сотына қарасты жаңадан құрылған әкімшілік сот комитетінің құзырына бұрын Әділет министрлігінің құзырындағы соттардың іс-әрекетін қамтамасыз ету қызметі берілді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, осымен атқарушы билік сот жүйесіне өзінің ықпалын тигізу тетігінен айрылды. Бұдан басқа 2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы конституциялық заңында судьялардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы жетілдіріліп, олардың іс-әрекетінің материалдық-қаржылық базасы жақсартылған. 2001 жылдың қаңтарынан мамандандырылған экономикалық соттар құрыла бастады. 2003 жылы әкімшілік соттар, ал 2005 жылы – третейлік. Сонымен бірге сотта жақтардың тең құқылығын сақтау шараларын енгізу адвокаттардың ролін арттыру, алдын ала тергеудің соттық бақылауын енгізді. Судьялардың тәуелсіздігі, соттағы бетімен кетушіліктердің асқынуына әкелгендіктен 2001 жылы судьялар этикасы бойынша арнайы комиссиялар құрды. Бақылаудың тағы бір механизмін тудыруға мәжбүр етіп, сонымен бірге тәртіпті және сапаны бағалау комиссиясын құрды. 2002 жылы елімізде ҚР азаматтарының құқықтарын қорғайтын, оның ішінде сотта өз құқықтарын қосымша қорғайтын адам құқығын өкілетті қорғайтын институт құрылды.

2000-2006 жылдардағы қазақстандық сот жүйесінің дамуына сот жүргізудің халықаралық деңгейде танылған стандарттарының жан-жақты енгізілуі тән деп айтуға болады. Бұл әрі Қазақстан Республикасының ішкі саяси логикасына (саяси жүйенің динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып қайта құру) сай болды, әрі Қазақстанның азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы халықаралық міндеттемелерін қамтамасыз етуге деген және жағымды инвестициялық орта қалыптастыруға деген қажеттіліктеріне де сәйкес келді [3;6].

2007 жылдан сот билігін өзгертудің төртінші кезеңі басталды. Бұл кезеңнің бастамасы Европалық (континентальдік) үлгі бойынша сот өндірісіне халықтың өкілдерін (присяжные заседатели) тарту болды. Оның негізгі мазмұны сот процесін демократияландыруға, сот органдарының қызметінің тиімділігін арттыруға, сот қауылыларының орындалуын міндеттеу тәртібін күшейтуге бағытталған сот жүйесін жетілдіру болып табылады.

Қазақстандағы сот жүйесінің жағымды жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

- қызмет көрсетудің (функция) тұрақтылығы;
- сот билігінің белгілі бір мөлшердегі тәуелсіздігі;
- мамандандырылған соттардың болуы;
- сот өндірісінің альтернативтік формасы;
- қоғамның сот төрелігіне жүгінуі;
- сот процесінің транспаренттілігі;
- сот үкімдерінің дұрыс шығарылуын қадағалайтын ішкі өзін-өзі бақылау механизмнің болуы (қадағалаушы-апелляциялық комиссия);
- халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына қатысу (1997 жылдан бері – Халықаралық заңгерлер қауымдастығында, 2004 жылдан – Халықаралық судьялар қауымдастығында) [4].

Сонымен сот билігі тұтас мемлекеттік биліктің (кең ауқымда – қазіргі саяси жүйенің) бір ғана бөлігі екенін айта кету қажет, сондықтан оны қайта құру саяси жаңарудың жалпы жетістігінің аясында ғана тиімді бола алады.

Ұлттық сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың, құқық үстемдігінің, қоғам мен мемлекет мүдделерін мүлтіксіз сақтаудың, қазақстандықтардың құқығы мен бостандықтарын қорғаудың

сенімді кепіліне айналуға тиіс. Қазақстан судьялары қауымдастығының халыққа қызмет етуінің зор маңызы осыған саяды. «Қазақстан - 2050» стратегиясын іске асырудың күрделі жұмысындағы Қазақстан судьяларының басты борышы осы. Қазақстанның екі мыңнан астам судьялар корпусы Отанымызды жаңарту және нығайту жөніндегі біздіңұлы мақсаттарымызды іске асыруға лайықты үлес қосатынына Елбасының және Қазақстан халқының сенімі мол.

Қазақта «билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділқазылық ету - кез келген судьяның қасиетті парызы. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы - халықтың ожданы.

Біз Мәңгілік Ел боламыз деп, кемел мемлекет құруды кездеген халықпыз. Соттөрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуы - кез келген елдің кемел болмысының көрінісі. Ал, судьялар, жоғары біліктілік пен әділдік және адалдықтың бейнесі. Әлбетте сотқа құрмет – мемлекеттікбилікке деген құрмет деп саналу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан судьяларының VI съезі. Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы міндеттері. Астана, 20 қараша, 2013 жыл.
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауы» 17 қаңтар 2014 жыл.
3. Дьяченко С.А. Реформирование судебной системы Казахстана: реальность и перспективы. // Представительная власть XXI век: законодательство, комментарии, проблемы. - М., 2002, №5-6.
4. Момбеков Н. На принципах верховенства закона. – Казахстанская правда, 09.04.2003.

ПРОЦЕДУРНЫЕ ВОПРОСЫ И ПРАВОВОЙ СТАТУС ДЕПУТАТОВ В РАБОТЕ ПЕРВОГО ПАРЛАМЕНТА РОССИИ - ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ

*Кожамбетов Г.З., д.ю.н., профессор КарГУ им. Е.А. Букетова
Жабыкпай Т., магистрант юридического факультета им. Е.А. Букетова*

В начале XX века история России была насыщена крупными событиями, одним из которых было учреждение первого парламента - Государственной думы. Конечно, Государственная дума в силу ограниченности своих законодательных правомочий в условиях самодержавной власти не могла решить назревших нужд народов Степного края, но, тем не менее, открытая постановка его проблем с трибуны парламента имела для Казахстана большое социально-экономическое и политико-правовое значение. Учреждение Государственной думы и революция 1905 года не прошли даром, благодаря этим событиям в крае началась активная деятельность политических партий и демократической интеллигенции по улучшению жизненных условий населения Степного края и предоставления ему элементарных гражданских прав и политических свобод. А самое главное - в связи с этими событиями, в России и ее национальных окраинах произошло зарождение парламентаризма.

Возвращение к вопросам появления парламентаризма очень важно для изучения истории государства и права нашего Отечества.

Как характерно для любого парламентского учреждения, депутаты, избранные в Думу наделялись особым правовым статусом. Согласно законодательству России звание члена Государственной думы было не совместимо с любой должностью человека состоявшего на государственной службе, кроме должности Министра или Главноуправляющего. Главноуправляющий в современном понимании приравнивается к Председателю Комитета правительства. Как видно, российское законодательство допускало совмещение государственной службы и парламентской деятельности.

Государственная служба в то время предполагала только службу короне, куда не входила работа в органах местного самоуправления. Поэтому, депутаты Государственной думы свободно могли состоять на должности директоров, членов правления, различных коммерческих предприятий, акционерных обществ, могли входить в редакции различных газет и журналов.

Перед началом работы каждого созыва парламента ее депутаты подписывали специальное обещание. В нем отмечалось: «Мы нижепоименованные, обещаем пред Всемогущим Богом исполнить возложенные на нас обязанности членов Государственной думы по крайнему нашему разумению и силам, храня верность Его Императорскому Величеству Государю Императору и